| "Денсаулық сақтау саласы кадрларының біліктілігін арттыру және сертификаттау курстарынан өткені туралы құжаттар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты | | |
|---|---|---|
| 1 | Қызмет берушінің атауы | Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдары |
| 2 | Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері | 1) қызмет беруші (қызметті алушы тікелей жүгінген кезде); |
| | | 2) "Электрондықүкіметтің" веб-порталы www. egov. kz (бұдан әрі – портал) арқылы көрсетіледі. |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | қызметті берушіге жүгінген кезде: |
| | | 1) оқу бағдарламасын толық меңгерген сәттен бастап біліктілікті арттыру және сертификаттау курстарының ұзақтығына қарамастан, оқуды аяқтағаннан кейін біліктілігін арттырудан және қайта даярлаудан өткені туралы құжаттарды беру – 1 (бір) жұмыс күні (оқу бағдарламасын толық меңгерген жағдайда); |
| | | 2) құжаттарды тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-30 (отыз) минуттан аспайды; |
| | | 3) қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 30 (отыз) минут: |
| | | 1) қызметті алушы қызметті берушіге құжаттарды тапсырған сәттен бастап – 30 (отыз) минуттан аспайды. |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағазтүрінде. |
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | 1) біліктілікті арттырудан өткені туралы: денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру қағидаларына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілікті арттырудан өткені туралы куәлік немесе біліктілікті арттырудан өткені туралы анықтама; |
| | | 2) сертификаттық курстан өткені туралы: денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру қағидаларына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сертификаттық курс туралы куәлік немесе сертификаттық курстан өткені туралы анықтама. |
| 6 | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қызмет алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Тегін - жеке тұлғаларға<br><br>көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс (жексенбі) және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – сенбі аралығында (дүйсенбі – жұма үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, сенбі күні сағат 9.00-ден 14.00-ге дейін); 2) порталда-жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік |
| 7 | Жұмыс кестесі | 1) қызмет беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс (жексенбі) және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден сенбіге дейін (дүйсенбі – жұма сағат 8.00 – ден 18.00-ге дейін үзіліссіз, сенбіде сағат 9.00-ден 14.00-ге дейін); 2) портал-жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда (қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштер қабылданады және |

| | | |
|---|---|---|
| | | мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелері келесі жұмыс күні жүзеге асырылады) тәулік бойы. |
| 8 | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі (немесе сенімхат бойынша оның өкілі) | 1) қызмет берушіге: |
| | | тікелей жүгінген кезде сәйкестендіру үшін жеке басын куәландыратын құжат; |
| | | 2) порталға: |
| | | электрондық түрдегі сұрау салу. |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | 1. қызмет алушы мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) сенімсіздігі анықталса; |
| | | 2. қызмет алушы мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) толық емес екендігі анықталса. |
| 10 | Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар | Қызмет берушілердің мекенжайлары мен байланыс телефондары денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының интернет-ресурстарында немесе қызмет берушінің үй-жайларында орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414. |
| | | Қызмет алушының мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметті орындаудың кез келген сатысында алуға мүмкіндігі бар. |